

## Бюджеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалауды жүргізу ережесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 21 шілдедегі N 779 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 9 қыркүйектегі N 917 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.09.09 N 917 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Бюджеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалауды жүргізу ережесі бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы  
Ү к і м е т і н і ң  
2 0 0 4                      ж ы л ғ ы                      2 1                      ш і л д е д е г і  
N                      7 7 9                      қ а у л ы с ы м е н  
бекітілген

## Бюджеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалауды жүргізу ережесі

### 1. Жалпы ережелер

1. Осы Бюджеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалауды жүргізу ережесі (бұдан әрі - Ереже) бюджеттік бағдарламаларды жоспарлау, атқару процесінде олардың тиімділігін бағалауды жүргізу тәртібін және көрсеткіштерінің жүйесін а й қ ы н д а й д ы .

**Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.08.20. N 716 Қаулысымен .**

2. Бюджеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалауды бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері, бюджетті жоспарлау , бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті                      органдар                      жүзеге                      асырады.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.08.20. N 716 Қаулысымен .**

3. Бюджеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалау іске асырылатын бағдарламалардың түпкі мақсатына қол жеткізу дәрежесін айқындау үшін шығыстардың тиімділік, уақтылылық, сапа, нәтижелілік өлшемдері қолданыла отырып жүргізіледі.

Тиімділік өлшемі - бұл мемлекет ұсынған қызметтер (орындалған жұмыстар) бірлігіне болған шығыстардың көлемін сипаттайтын сандық көрсеткіш.

Уақтылылық өлшемі - іс-шараларды (тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді сатып алу) орындаудың белгіленген мерзімдерін ескере отырып, бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуын сипаттайтын көрсеткіш.

Сапа өлшемі - мемлекеттік қызмет көрсетулерді алушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру деңгейін (сапасын) сипаттайтын көрсеткіш.

Нәтижелілік өлшемі - бюджеттік бағдарламалардың мақсатына қол жеткізу деңгейінің (дәрежесінің) көрсеткіші.

Нәтижелілікті бағалау бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі қызметінің тікелей және соңғы нәтижесін айқындау жолымен қамтамасыз етіледі.

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі қызметінің тікелей нәтижесі - бұл бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің есепті кезеңде ұсынған қызметтерінің (орындалған жұмыстарының) көлемін сипаттайтын сандық көрсеткіш.

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі қызметінің соңғы нәтижесі - бұл бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджетті атқару процесінде мемлекеттік саясат мақсаттарына қол жеткізуін сипаттайтын сапалық көрсеткіш.

Көрсетілген өлшемдер өлшенетін және тексерілетін болуы тиіс.

Жоғарыда аталған өлшемдер арқылы:

бюджеттік бағдарламаларды жоспарлау сатысында олардың есебін және негіздемесін талдау;

бюджеттік бағдарламалардың ағымдағы атқарылуын және мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық жағдайына олардың ықпал етуін талдау;

бюджеттік бағдарламаларды іске асыру мен бақылаудың барлық сатыларында оларды атқарудың неғұрлым тиімді және нәтижелі әдістері мен тәсілдерін әзірлеу жүзеге асырылады.

4. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері осы Ереженің 3-тармағында көрсетілген бюджеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалаудың әрбір өлшемі бойынша түрлі көрсеткіштерді айқындайды.

5. Бюджеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалаудың сапалы деңгейін және бағдарламаны іске асырудың жоғары нәтижелеріне қол жеткізуді қамтамасыз ететін бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне тиісті бюджет комиссиясының шешімі бойынша алдағы қаржы жылына қосымша бюджет қаражаты көзделуі мүмкін.

## **2. Бюджеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалауды жүргізу тәртібі**

6. Бюджеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалауды: бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бюджет үш сатыда (бюджет жобасын әзірлеу кезінде, бюджеттің атқарылуы кезінде, бюджеттің атқарылуын ішкі бақылау кезінде); бюджет жобасын әзірлеу кезінде бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган; бюджеттің атқарылуы кезінде бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган; бюджеттің атқарылуын ішкі бақылау кезінде ішкі бақылау жөніндегі уәкілетті орган жүргізеді.

## **3. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалауды жүргізуі**

7. Республикалық және жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері (бұдан әрі - бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері) бағдарламалардың орындалуының тұрақты мониторингі, ағымдағы ахуалды талдау және тиісті саладағы (сектордағы) ахуалдың өзгеруі негізінде өздері әкімшілік ететін бюджеттік бағдарламалардың тиімділігін ішкі бағалауды, соның ішінде мақсатты трансферттерді аударумен және пайдаланумен байланысты бюджеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалауды жүзеге асырады.

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бюджеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалауды:

1) алдағы үш жылдық кезеңге арналған орта мерзімді фискалдық саясатты (бұдан әрі - ОФС) әзірлеу кезінде жүзеге асырады.

Бұл ретте бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері: мемлекеттік басымдықтар мен әлеуметтік-экономикалық дамудың міндеттеріне сәйкес бағдарламаның орындылығын бағалауды қоса алғанда, бағдарламаның толық негіздемесімен бюджеттік бағдарламаны бағалауды; бағдарламаны іске асырудың ұсынылып отырған тәсілі нәтижелерден неғұрлым тиімді және өнімді болып табылатындығының себептерін көрсете отырып, ұсынылып отырған бағдарламаны іске асырудың ықтимал тәсілдерін бағалауды; осы Ереженің 8-тармағына сәйкес бағдарлама нәтижелерінің тиімділік, уақтылылық, сапа және нәтижелілік өлшемдері бойынша алдағы үш жылдық кезеңде жоспарланып отырған көрсеткіштерін, олардың бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға берілген өткен кезеңдегі нақты көрсеткіштермен салыстырылуын ұсынады.

ОФС әзірлеу кезінде бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бюджеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалау нәтижелері ағымдағы жылдың наурызына дейін бюджетте жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға ол белгілейтін нысан бойынша ұсынылады;

2) бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуы туралы есепті жасау және оны бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға есепті жылдан кейінгі жылдың 1 ақпанына дейінгі мерзімде соңғысы белгілейтін нысан бойынша ұсыну арқылы бюджеттің атқарылуы процесінде жүзеге асырады.

Көрсетілген есепте осы Ереженің 8-тармағына сәйкес есепті кезеңдегі нақты көрсеткіштерді көрсету қажет.

3) ішкі бақылау қызметтері жүзеге асыратын ішкі бақылауды жүргізу процесінде жүзеге асырады.

8. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері осы Ереженің 3-тармағында көрсетілген шығыстардың тиімділік, уақтылылық, сапа, нәтижелілік өлшемдерін ескере отырып, бюджеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалауды мынадай бағыттар бойынша жүргізеді:

1) бюджеттік бағдарламаны іске асырудың экономикалық тиімділігін бағалау тиімділік өлшемін қолдана отырып жүзеге асырылады.

Бюджеттік бағдарламаны іске асырудың экономикалық тиімділігі бюджеттік бағдарламаның мақсаттарына қол жеткізу үшін қажетті бюджет қаражатының оңтайлы көлемін пайдаланумен қамтамасыз етіледі.

Бюджеттік бағдарламаны іске асырудың экономикалық тиімділігі: мемлекет ұсынатын қызметтер (орындайтын жұмыстар) бірлігіне арналған шығындардың жоспарланатын көлемін өткен кезеңде бюджеттік бағдарламаны іске асыру барысында мемлекет ұсынған қызметтер (орындаған жұмыстар) бірлігіне нақты жұмсалған шығындар көлемімен немесе басқа бағдарламалар бойынша осыған ұқсас шығындармен салыстыру;

соңғы үш жыл ішінде бюджеттік бағдарламаны іске асыруға арналған шығындар серпінін талдау жолымен айқындалады;

2) бюджеттік бағдарламаны басқару тиімділігін бағалау.

Бюджеттік бағдарламаны басқару тиімділігі уақтылылық өлшемін қолдана отырып:

қаржыландыруға ұсынылатын іс-шараларды толық көлемде орындау негіздемесі;

жоспарланған, бюджеттік бағдарламаның паспортында көзделген іс-шаралармен салыстырылған сандық көрсеткіштер мен сапалық сипаттамаларды көрсете отырып, есепті кезеңде нақты орындалған іс-шараларды талдау;

бюджеттік бағдарлама шеңберінде іске асырылған іс-шаралардың

жоспарланған іс-шаралардан ауытқу себептерін анықтау;  
жекелеген бюджеттік бағдарлама бойынша:

бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру жоспарына сәйкес төлемдер бойынша бюджет қаражатын игерудің уақтылығын;

бюджет қаражатының игерілмеуіне алып келген факторларды талдауды көрсететін қаражатты игеру мониторингі.

Бұл ретте бюджет қаражатының есепті кезеңде игерілмеген сомасы бюджеттік бағдарламаның есепті кезеңдегі шығыстарын кассалық атқару сомасы мен сол кезеңдегі төлемдер бойынша бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру жоспарының сомасы арасындағы айырмашылық ретінде айқындалады;

бюджеттік бағдарлама бойынша кредиторлық және дебиторлық борыштың болуы себептерін талдау жолымен айқындалады;

3) бюджеттік бағдарламаны іске асырудың сапасын бағалау оны іске асыру барысында сапа өлшемін қолдана отырып:

мемлекеттік қызмет көрсетулерді алушылардың қажеттілігін қанағаттандыруға қол жеткізудің жоспарланатын және нақты деңгейін белгілеу, оларды салыстыру және серпіні;

ұсынылатын мемлекеттік қызметтер сапасының төмен болуын талдау ж о л ы м е н жү р г і з і л е д і ;

4) нәтижелілікті бағалау нәтижелілік өлшемін ескере отырып:

бюджеттік бағдарлама бойынша жоспарланған іс-шаралар бюджеттік бағдарламаның мақсатына қол жеткізуге қаншалықты және қандай жолмен ы қ п а л е т е т і н і н т а л д а у ;

осы Ереженің 3-тармағына сәйкес бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі қызметінің тікелей және соңғы нәтижесін айқындау жолымен қамтамасыз етіледі

9. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бюджеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалаудың қосымша өлшемдері мен көрсеткіштерін айқындауы мүмкін.

#### **4. Бюджет жобасын әзірлеу кезінде бюджеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалау**

10. Бюджет жобасын әзірлеу кезінде бюджеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалау бюджет қаражатының тиімді, нақтылы бөлінуіне қол жеткізу мақсатында ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

11. Республикалық бюджеттің немесе жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен қаржыландырылуға ұсынылатын бюджеттік бағдарламалардың т и і м д і л і г і н б а ғ а л а у :

- 1) бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері жүргізген бюджеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалаудың нәтижелері;
- 2) бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган жүргізген бюджеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалаудың нәтижелері;
- 3) бюджеттің атқарылуын ішкі бақылау жөніндегі уәкілетті орган жүргізген тиімділікті бақылау нәтижелері;
- 4) бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдері негізінде жүргізіледі.

12. Бюджетті жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган осы Ереженің 3-тармағында көрсетілген шығыстардың тиімділік, уақтылылық, сапа, нәтижелілік өлшемдерін ескере отырып, бюджеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалауды мынадай бағыттар бойынша жүргізеді:

1) іске асырылуы нормативтік құқықтық актілерге (заңнамалық кесімдері, мемлекеттік, салалық (секторалдық), өңірлік бағдарламалар, өзге де нормативтік құқықтық кесімдер) сәйкес көзделетін бюджеттік бағдарламаның оларға сәйкестігін бағалау;

2) бюджеттік бағдарламаның мақсаттары мен міндеттерін бағалау. Бюджеттік бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері олардың жоспарланып отырған кезеңдегі орындылығына, айқын баяндалғанына, нақтылығына, бюджетті атқару қорытындылары бойынша олардың қол жетімділігін тексеру мүмкіндігіне, өткен кезеңде іске асырылған бюджеттік бағдарламалармен сабақтастығына және салыстырымдылығына қатысты қаралады;

3) нақтылығы (белгіленген мерзімдерде іске асыру мүмкіндігі) қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкестігі, көрсетілген сандық және сапалық сипаттамалардың толықтығы (сандық және сапалық көрсеткіштер бюджеттік бағдарламалардың қойылған мақсаттары мен міндеттеріне қол жетімділігін бағалауға мүмкіндік бере ме, оларды бюджетті атқарудың қорытындылары бойынша тексеру мүмкін бе), жоспарланып отырған іс-шаралардың өткен кезеңде іске асырылған іс-шаралармен сабақтастығы мен салыстырымдылығы тұрғысынан қаралатын бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шараларды бағалау;

4) бюджеттік бағдарламаларды іске асырудың жоспарланып отырған кезеңде күтілетін нәтижелерін олардың бюджеттік бағдарламалардың мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігіне, нақтылығына, олардың болуын бюджеттік бағдарламаның орындалу қорытындылары бойынша тексеру мүмкіндігіне, өткен кезеңде алынған нәтижелермен сабақтастығы мен салыстырымдылығына қатысты бағалау;

5) бюджеттік бағдарламалардың құнын есептеулердің дұрыстығы мен негізділігіне, шығыстардың келтірілген лимиттеріне сәйкестігіне, үнемділігіне,

жоспарланған іс-шараларға сәйкестігіне қатысты бағалау;

б) бюджеттік бағдарламалардың өткен жылдарда орындалуының нәтижелерін бағалау.

13. Бюджеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалау нәтижелері бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның бюджет комиссиясының қарауына ұсынылатын қорытындысында баяндалады, сондай-ақ бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне жіберіледі.

14. Бюджеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалау нәтижелері бойынша бюджет комиссиясы аталған бағдарламаны мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен қаржыландыру (қаржыландырмау) туралы немесе оны пысықтау туралы тиісті шешім қабылдайды.

## **5. Бюджетте атқару кезінде бюджеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалау**

15. Бюджетті атқару кезінде бюджеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалауды бюджеттік бағдарламалардың сапа деңгейі мен уақтылы іске асырылуын және бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің олардың орындалуына жауаптылығын арттыру мақсатында бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган жүргізеді.

Бюджетті атқару кезінде бюджеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалаудың негізгі міндеттері:

бюджеттік бағдарламалардың іске асырылу барысын бағалау;

қаражатты тиімді және нәтижелі жұмсауды бағалау;

бюджеттік бағдарламаларды іске асырудың тиімділігін арттыру және оларды одан әрі қаржыландыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

бюджет қаражатын басқару кезінде бюджеттік бағдарламаның әкімшісі іс-қимылының ашықтығын қамтамасыз ету болып табылады.

16. Бюджетті атқару кезінде бюджеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалау қаржы жылының қорытындылары бойынша жүргізіледі.

17. Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган республикалық бюджеттің немесе жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен қаржыландырылатын бюджеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалауды:

бюджеттік бағдарламаның паспорты;

республикалық немесе тиісті жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы есептер ;

бюджеттік бағдарламаның іске асырылуы туралы бюджеттік бағдарламаның әкімшісі ұсынатын есептер ;

бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі жүргізген бюджеттік

бағдарламалардың тиімділігін бағалау нәтижелері;  
республикалық және жергілікті бюджеттердің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелердің кредиторлық және дебиторлық берешектері туралы е с е п т е р ;

басқа да ақпараттар негізінде жүргізеді.

18. Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган осы Ереженің 3-тармағында көрсетілген шығыстардың тиімділік, уақтылылық, сапа, нәтижелілік өлшемдерін ескере отырып, бюджеттік бағдарламаның тиімділігін бағалауды жүргізеді.

19. Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган бюджеттік бағдарламаның тиімділігін бағалау нәтижелері бойынша оны іске асырудың тиімділігін одан әрі арттыру, оны бұдан әрі іске асырудың орындылығы немесе оны іске асыруға арналған бюджет қаражатын қысқарту жөнінде ұсыныстарды тұжырымдайды және бюджетте атқару жөніндегі уәкілетті органның басшысы қол қоятын қорытынды (жалпы қорытынды) дайындайды, онда:

бюджеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалау нәтижелері;

бюджеттік бағдарламаларды іске асырудың тиімділігін арттыру, оларды бұдан әрі іске асырудың орындылығы немесе оларды іске асыруға арналған бюджет қаражатын қысқарту жөнінде ұсынымдар көрсетіледі.

20. Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері жүргізген бюджеттік бағдарламаны іске асырудың тиімділігін бағалау нәтижелері бойынша қорытындысы есепті жылдан кейінгі жылдың 1 сәуіріне дейін тиісті бюджет комиссиясына, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне табыс етіледі.

## **6. Бюджеттің атқарылуын ішкі бақылау кезінде бюджеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалау**

**Ескерту. 6-бөлім алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2007.08.20. N 716 Қаулысымен.**